

анықтады. Өзін-өзі тануды ынталандыруды қамтитын болашақ мұғалімнің физикалық өзін-өзі жетілдірудегі ең маңызды ынталандыру: физикалық өзін-өзі жетілдіру мәселелерінің жеке маңыздылығын сезіну, физикалық өзін-өзі жетілдіру мақсатының мәнін көрсетеді. Мотивациялық ынталандыру физикалық өзін-өзі жетілдіруде өзін-өзі анықтаудың ерекшеліктерін айқындалды. Кедергілерден басқа студентті физикалық өзін-өзі жетілдіруге ынталандырудың маңыздылығы анықталды және бағаланды. Зерттеу нәтижелерін физикалық өзін-өзі жетілдірудегі кедергілерді жеңу және болашақ мұғалімнің физикалық өзін-өзі жетілдіруінің тиімділігін арттыруға ықпал ететін ынталандыруды барынша пайдалану үшін жағдайлар жасау мақсатында жоғары оқу орындарының дене тәрбиесі мұғалімдерінің және спорт мектептерінің жаттықтырушыларының педагогикалық қызметінде пайдаланылуы мүмкін.

Мақаланың мәнін ашатын сөздер: денені жетілдіру, дене шынықтыру, дене жаттығулары, дене тәрбиесі-спорттық белсенділік, салауатты өмір салты.

УРАЗОВ, Д.Б., СЕЙТЖАНОВ, Т.Б., ИБРАЕВА, Р.Ж.

ЭФФЕКТИВНОСТЬ САМОСОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ И САМОМОТИВАЦИИ СТУДЕНТОВ В УСЛОВИЯХ ВУЗА

В статье рассмотрены вопросы стимулирования, которые мотивируют будущего педагога, рассмотрены вопросы физического самосовершенствования. В научно-исследовательской работе стимулы к физическому самосовершенствованию студента классифицируются и составляется рейтинг его значимости, теоретические барьеры мотивации физического самосовершенствования студента экспериментально выявлены и обоснованы системные стимулы и их влияние на выявлены мотивации в физическом самосовершенствовании студента. Наиболее значимые стимулы в физическом самосовершенствовании будущего учителя, которые включают стимулы самопознание: чувство личной значимости проблемы физического самосовершенствования, раскрывается смысл цели физического самосовершенствования. Стимулы мотивации выявлены особенности самоопределения в физическом самосовершенствовании. Кроме барьеров выявлена и оценена сдерживающая значимость в стимулировании студента к физическому самосовершенствованию решительны. Результаты могут быть использованы в педагогической деятельности учителей физического воспитания вузов и тренеры спортивных школ с целью создание условий для преодоления барьеров физического самосовершенствования и максимальное использование стимулов, способствующих повышению эффективности физического самосовершенствования будущего учителя

Ключевые слова: физическое совершенствование, физическая культура, физические упражнения, физкультурно-спортивная активность, здоровый образ жизни.

УДК 82

Бекбосынова, А.Х.,

филология ғылымдарының кандидаты,
қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының доценті,
ҚМПУ, Қостанай қ., Қазақстан

Бақытханқызы, Н.,

4 курс студенті, ҚМПУ,
Қостанай қ., Қазақстан

БАЛАЛАРДЫҢ ОЙЫН ФОЛЬКЛОРЫ

Түйіні

Балалардың ойын фольклоры – қазақ ауыз әдебиетінің бір саласы. Ойын фольклоры көбіне өлең, тақпақ арқылы басталады. Өлең – ойынның әрін беріп, сәнін келтіріп, балаларды поэзия өнеріне жетелейді. Мақалада кездесетін «санамақ», «қаламақ», «асау мәстек» ойындарына талдау жасалынып, мағынасы ашылады.

Мақаланың мәнін ашатын сөздер: тәрбие, салт-дәстүр, өлең, бүлдіршін, жеткіншек, сандар.

Қазақ ауыз әдебиетінің ерекше саласының бірі – балалардың ойын фольклоры. Басқа да асыл мұраларымыз секілді балалар ойын фольклорының қалыптасуы мен даму тарихы, қоғамда атқарып келе жатқан қызметі бар.

Ойын фольклорының ұзақ ғасырлық қызметі оның ең бірінші жеткіншек ұрпақты тәрбиелеу ісімен байланысты болуында. Яғни, ойындарда әр халықтың көне тарихының ізі, тұрмыс-тіршілігінің, еңбек кәсібінің, әдет-ғұрпының нәрі сақталған.

Қазір көптеген елдерде дүниежүзі халықтарының этнографиясы мен фольклортану ғылымында «балалар этнографиясы» деген ғылыми бағыттар мен жобалар қалыптасты. Олар халықтың дәстүрлі тәрбиелеу салтын, балаларға қатысты әдет-ғұрпын, өлең-жырларын, ойын-сауықтарын жан-жақты қарастырады. Осы арқылы әрбір халықтың мәдениетін тануға, психологиясын терең түсінуге, этникалық мәдениет дәстүрін ұрпақтар бойына сіңіру жолдарын нақтылы білуге, сөйтіп, халықтық педагогиканың ұтымды тұстарын қазіргі заманның қажеттілігіне пайдалануға болатындығы анықталып отыр.

Салыстыра қарастырсақ, әлем халықтары балаларының ойындарынан толып жатқан үкестіктер мен ортақ желілер табуға болады. Мұның себебі жалпы адамзат перзентінің табиғи ортақ қасиеттерінде деп пайымдайды ғалымдар. Сондай-ақ әрбір халықтың өзіндік ұлттық ерекшелігін ғана танытатын сипаттар да балалар ойындарында өте мол. Бұл балалар ойындарының бастау-бұлағының қайнар көзі сол халық өмірінде жатқандығының белгісі.

«Қазақ балаларының ойын-сауық жырлары балалар фольклорының жеке саласы ретінде күні бүгінге дейін арнайы қарастырылған емес. Оның себебі балалар фольклорының өзі тұтастай жанрлық құрамы бойынша сараланып, жинақталып, арнайы жіктеу, сала-салаға бөлу күні бұрынғы кесіп-пішілген қағидаларға сүйенуден емес, ұлттық мұраның нақтылы табиғатынан туындауы тиіс. Бұл тұрғыдан келгенде, қазақ балаларының ойын фольклоры да өзіне тән қызметімен, идеялық-көркемдік кестесімен, құрылымдық жүйесімен ерекшеленеді. Рухани мұрамыздың ондай болмыс-бітімін терең танып-білу үшін, ең алдымен, оларды қамқорлыққа алып жинап, жарыққа шығарып отыру парыз» [1, 76 бет] – деп жазады ол туралы Ш.Ыбыраев.

Қазақ балаларының ойын фольклоры толықтай жинақталып, арнайы зерттелмегенімен, ол туралы айтылған пікірлер, ой-тұжырымдар, ғылыми бақылаулар кездеседі. Ойын фольклорының өзгешеліктері туралы жекелеген құнды бақылау-тұжырымдарды С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Кенжебаев, Ш.Ахметов, М.Әлімбаев, Х.Арғынбаев, Б.Төтенаев, К.Ісламжан т.б. зерттеулерінен кездестіреміз. Балаларға қатысты әдет-ғұрып, салт-сана, өлең-жыр, ойындарды этнографиялық бағытта қарастыру болашақта айтарлықтай нәтижелерге жеткізері сөзсіз.

Әйткенмен, жалпы алып қарағанда, ойын фольклоры тақырыптық ерекшеліктеріне, құрылысына, атқаратын қызметіне, тегіне, түріне, жанрына, тағы басқа толып жатқан белгілеріне қарай сараланып жіктелген емес.

«Ойын фольклорын еріккеннің ермегінен туа салған дерексіз қиялдың көрінісі деп ұғу үлкен қателік. Оның астарында қоғамдық-әлеуметтік терең мән жатыр. Байыптап қарасақ, кез келген ойыннан халық өмірінің тікелей де, шартты да жинақталған көшірмесін көреміз. Олардың ішінде әлеуметтік жағдайға («Хан», «Хан жақсы ма?», «Орныңды тап», «Қамалды қорғау», «Қарамырза»), адамдар арасындағы қарым-қатынасқа («Серік-Серік», «Кім ұрды?», «Жаяу тартыс», «Аксерек, көксерек»), еңбек-кәсіп шаруашылыққа («Қалай айтуды білмеймін», «Ақ байпақ», «Сен тұр, сен шық»), наным-сенімге («Шымбике», «Көгі гөк», «Қара құлақ», «Етек-етек»), аңшылыққа («Аңшылар», «Аңшыдан шыралғы») байланысты пайда болған ойындарды ажырату қиын емес» [1, 78 бет] – деп өз еңбегінде Шәкір Ыбыраев балалар ойынын бөліп көрсетеді.

Осы жікке қарап ойындардың шығу тарихын ерте дәуірдегі ру-тайпалардың әдет-ғұрпымен, рәсім-салттарымен, мифтік түсініктерімен сабақтас екенін жорамалдауымызға болады. Әсіресе, ойындардың ішінде аң, құс, жан-жануарлардың даусына, жүріс-тұрысына еліктеп, солардың қимылын қайталау, бақташылық, аңшылық кәсіптерді бейнелеу, жал-

мауыз, шойынкұлақ, қарақұлақ сияқты мифтік кейіпкерлерге сену – осының айғағы. Адамзаттың даму тарихындағы алғашқы сәбилік ой-сезімдерінің көрінісін балалар ойындарынан көптеп кездестіруіміздің өзіндік себептері де жоқ емес. Олай болатыны – кез келген адам өмірінің сәбилік шағы қоғамдағы, шаруашылық пен тұрмыс-тіршіліктегі өзгерістерге қарамастан адамзат қоғамның балауса дәуіріндегі ой-сезімдермен белгілі бір дәрежеде сабақтас. Сондықтан да ежелгі замандардағы адамдардың топталып аңға шығу салты, әскери қақтығыстары, тайпа, ру көсемін тағайындау әдеттері ойында сақталған. «Аңшылық», «Марламқаш» ойындарында аңды жан-жақтан қоршап аулау, топталып іздеу, жасырыну, қуу, қалай қолға түсіру анық бой көрсетсе, «Даусынан біл», «Шұқырма» ойындарының далада із кесу, түрлі дыбысты ажырата білу мақсатында пайда болғандығы байқалады.

Ойын және поэзия. Балалар фольклорында екеуін ажырату өте қиынға түседі. Себебі, ойындық элемент балалар поэзиясының барлығына тән. Балалар ойындары бірнеше ғылым саласының басын біріктіретін әлі де жан-жақты зерттелмеген күрделі дүние. Оны осы күрделі табиғатымен толық қарастырған жоқ. Ал, оның поэзиялық өрнегіне, фольклорлық мән-мағынасына тоқталатын болсақ, екі үлкен жікке бөліп саралауға болатын тәрізді. Оның алғашқы тобына балалардың қимыл-қозғалыс ойындарына, ойынның басталуына, жүргізілуіне, аяқталуына байланысты айтылатын яғни, *ойынға байланысты өлеңдер*, екінші жікке *өлең ойындар* жатады.

Әрекетке құрылған рөлді ойындардың құрылысында өлең сөз ерекше белсенді қызмет атқарады. Ойынға байланысты келетін өлеңдердің әрқайсысының өзіне тәуелді функциясы, соған орай мазмұны мен өзіндік ерекшеліктері бар. Осы сипаттарына қарай бұл өлеңдерді фольклоршылар мынандай ішкі жанрлық түрлерге жіктеп жүр: Ойынға шақыру өлеңдері, қаламақ, санамақ, ойын өлеңдері (драмалық ойындар). Енді осылардың әрқайсысына жеке-жеке толталық көрейік.

Ойынға шақыру. Ойын десе ішкен асын жерге қоятын ауыл балаларының жалғыз ойнамайтыны белгілі, олар үйден-үйге, ауладан-аулаға жүгіріп өз серіктерін іздеп бірін-бірі ойынға шақырады. Мұндай шақырулардың балалар арасындағы түрлері өте көп. Олар өздері алдын-ала келісілген түрлі белгілермен ысқырып, қақпаны қағып, тас лақтырып белгі берсе, кейде өздері қойған лақап аттарын айтады. Сондай-ақ мұндай шақыруды балалар көп жағдайда өлеңмен де білдіреді. Ол өлеңдері балалар жеке-жеке де, хормен де дауыстап айта береді. Өлеңнің мазмұны көбіне баланы ызаландырып, шамына тиіп қалайда ойынға шығаруды көздейді. Мысалы, өлең мәтіндері мынандай болып келеді:

Айдағаным торпақ,
Ала тайым жортақ.
Кім ойынға шықпаса,
Қоян жүрек қорқақ. [2, 104 бет]

Кейде өлеңге:

Әуеде ұшқан алты қаз,
Атайын десем оғыз аз.
Егер ойынға келмесе,
Пәленшенің басы таз, – [2, 104 бет]

деп баланың есімі де қоса аталады. Мұндай өлеңдер ұл балалар арасында жиі айтылады. Қыздар айтатын өлеңдер:

Пәленше бізбен дос,
Қолы күнде бос.
Добын ала шығады,
Дарбазасын жаба шығады, – [2, 104 бет]

деген тәрізді сыпайы мазмұнға құрылады.

Олардың ішінде:
Есегі ақырады,
Қоразы шақырады.

Пәленше үйден шықса,
Атасы қоса бақырады, –

деген сияқты әжуа өлеңдер де кездеседі. «Орыс фольклортану ғылымында бұл өлеңдер «голоснянки» деп аталса, О.Сафаров оны өзбек тілінде «чарломалар» деп атады. Қазақ тілінде халықтық термин болмағандықтан да біз бұл өлеңдерді ойынға шақыру өлеңдері деп атадық» [2, 105 бет], –деп бөліп көрсетеді.

Қаламақ. «Түрлі ойындарда әркімнің атқарар қызметін, орнын, рөлін, кімнің ойынға кіріп, кімнің ойыннан шығатынын, кімнің басқаратынын белгілеу үшін балалар арасында арнайы тақпақтар айтылады. Оларды қаламақ (жебебьевка) де атау орынды. Қаламақта айтылатын сөздердің мазмұны ойындағы іс-әрекетке сәйкес болуы шарт емес, тіпті олар мүлдем басқаша болуы мүмкін. Шарты сол – тақпақ сөздерінің рет-ретімен айтылғанда кімге кезегі келгеніне байланысты (күні бұрынғы келісім бойынша) қызметтерді бөлісу үшін орындалатындығы. Мұндай тақпақтар құрылысы қарапайым, тез жатталатын, көлемі шағын, ұқсасымығым, ойнақы жолдардан құралады.

Жылқы-мылқы,
Ойын-күлкі,
Сиыр-миыр,
Ешкі-мешкі,
Түйе-мүйе,
Қой-мой,
Қозы-мозы,
Торғай-морғай,
Қос сөздер осылай.
Он атта

Сол жаққа...» [1, 82 бет], – деп Ш.Ыбыраев қаламақты ойынды бастаушы ретінде көреткен.

К.Ісләмжанұлы еңбегінде «қаламақты» басқаша өлең құрылыстарымен көрсетеді. «Балалар ойынының басталуында да өлеңнің атқарар рөлі өте зор. Көпшілік ойындардың ойнау шарты бойынша балаларға екі топқа бөлінуге тура келеді. Мұндай жағдайға балалар әр түрлі тәсілдер қолданады. Мәселен, қатарға тұрғызып санап, жұп сан бір топқа, тақ сан бір топқа бөлінеді. Осындай тәсілдің бірі қаламақ арқылы жіктелу. Мұндай жағдайда балалар екі-екіден жұптасып кетеді. Жұптасқан балалар өзара келісіп, бір-біріне жасырын ат қояды. Сөйтіп, қойған аттарын екі жол өлеңмен екі басшыға айтып қалауын сұрайды. Олар мына тәрізді болып келеді.

– Аспандағы жұлдыз керек пе?

Судағы құндыз керек пе?

– Түйенің ботасы керек пе?

Жердің жотасы керек пе?

– Алтын асық керек пе?

Күміс қасық керек?» [2, 105 бет] – деп қаламаққа тоқталып өткен.

Кейде «кімге ат, кімге арба» немесе «кімге шеге, кімге балға» деген тәрізді ұйқассыз қаламақтар да айтыла береді.

Егіз жолдан ғана құрылатын қаламақтардың құрылысы өте қарапайым болғанымен де, сол екі жол өлеңдегі заттық ұғымдардың мәнінен бала жанының талай сырын ұғуға болады. Біріншіден, баланың әрқашан күнделікті тұрмыста таныс, өз ұғымына жақын заттарды таңдайтыны көрінеді. Мәселен, «Түйенің ботасы, жердің жотасы», «тебеген бие, қашаған түйе» тәрізді тіркестер тек ауыл баласының ғана аузына түсетін сөздер. Сол сияқты бала талғамына халық тіршілігінің дәстүрлі мәдениетінің де елеулі әсер ететіндігі байқалады. Мысалға алсақ, «Аспандағы жұлдыз, судағы құндыз» тіркестері бесік жырларында көп айтылатын образ болса, «Ақ сандық, көк сандық» белгілі балалар ойынының аты. Ал «алтын

асық» қазақ ертегілерінде көп айтылады. Демек, қаламақтар ойынды бастаушы болғанымен ғана емес, баланың ішкі дүниесінен хабар беретіндігімен де бағалы.

Сөз ойындарының қатарына түрлі ойын жырлары мен жаңылтпаштар да жатады. Алайда, сөз ойындарына қарағанда, ойын жырларының нақтылы ойнау шарты, қабылданған ережесі бола бер бермейді. Олар түрлі ойындарға көмекші, ал кейде өзінің мазмұнының қызықты, тартымдылығымен ойын қызметін атқарады.

Осындай ойын жырларының бірі – **санамақ**. «Жас баланың қолын ұстай отырып, саусақтарына ат қойып, оларды бірде бүгіп, бірде жазып санау арқылы баланың көңілін аулау мақсатында айтылатын ойын түрі көбіне нәрестелерді жұбату жырларына жатқызылып жүр. Дегенмен, санамақта сұрақ түрінде келетін, кейде ойланып жауап беруді қажет ететін, үлкендер мен баланың бірлесіп отырып атқаратын қимыл-әрекеттері бар. Бұл ойын жыры негізінен оң-солын әлі толық танымаған бір-үш (1-3) жастағы сәбилерге арналып айтылған» [1, 82 бет] – десе, «Санамақты балалар тілі еркін шыға бастағаннан (3-5), ойыннан қол үзіп ересек тарта бастағанға дейінгі (13-15) жас кездерінде жарыса жаттап, қызыға айтып жүреді. Балалар арасында санамақты көп білумен және оны мәнеріне келтіріп айта білгендігімен «беделге» ие болғандары болады» [2, 106 бет] – деп тұжырымдайды.

Егер қазақ балалары санамақтарының өлең құрылысын шығу тегі жағынан сараласақ, оның ала-кұла екендігін байқау қиын емес. Олардың ішінде мағыналық үйлесім ескеріле бермейтін балалардың өз шығармашылығы да, халық шығармашылығының басқа жанрларынан ауысып келген шумақтар да, тіпті басқа халық балаларының репертуарынан да ауысқан өлеңдер де кездеседі. Егер санамақтар мазмұнына назар аударсақ, олардан қандай да бір реттілікті тану қиын емес. Бұл жанрдың санамақ аталу себебі де осы реттілікте.

Бірім – бірім,
Екім – екім...
...Алтым – алтым,
Алты малтам,
Алтын балтам,
Сары ала қаз –
Саңкылдауық.
Қырман тауық –
Қырқылдауық,
Сен кір, сен шық, – [2, 107 бет]

деп келетін ең кең таралған қазақ санамағының сандық ретіне назар аударсақ:

Бірім – бір,
Екім – екі, – [2, 107 бет]

деп онға дейін санап келіп:

Бір дегенім – білеу,
Екі дегенім – егеу,
Үш дегенім – үскі,
Төрт дегенім – төсек,.. [2, 107 бет]

деп жалғастырып кететін уату-алдаркату жырларындағы өлеңмен сан үйрету тәсілі еске түседі.

Халық аузында санамақтардың сюжеттің түрінің өзегі сан араласып келетін шағын сюжетке құрылады. Композициялық құрылысы жағынан келгенде бұл санамақтар көбінесе реттік сан есімдермен басталып одан әрі драмалық шағын сюжетпен немесе дамытыла баяндалып келетін мәтінмен өрбиді. Яғни:

Бірім,
Екім,
Тығыл!
Бекін!
Мен санайын,

Сен бол дайын.
Сары шымшық,
Тез ұшып шық! – [2,111 бет]

түрінде болып келеді. Сюжеттік санамақтардың ішінде:

Бір,
Екі,
Үш,
Төрт.
Бес,
Алты,
Жеті,
Шығып кетті, – [2, 112]

деген сияқты сан есім тіркестерінен де құралуы мүмкін. Санамақтың бұл түрінде жұмбақ тіркестер де, сюжеттік баяндаулар да жоқ. Сөздер тек ұйқас үшін ғана іріктеліп алынады. Мысалы:

Бірім, екім,
Алма текім,
Сары шымшық,
Сартылдауық,
Сен тұр, сен шық! – [2, 112 бет]

дегенде ешқандай логикалық үйлесім жоқ, жеке-жеке тіркестерді тек ұйқастық үйлесім ғана ұстап тұр.

«Санамақ балалардың ойынға байланысты өлең жырларының ішіндегі ең кең таралған ішкі құрылымы да әр алуан жанрлық түрдің бірі. Сондықтан да оны молынан жинап, тереңдей зерттеу қажет. Ол балаларға танымдық мағлұмат, тәлімдік ғибрат, эстетикалық ләззат сипаумен ғана құнды емес, халық тарихының, тұрмыс тіршілігінің, дүние танымының кезеңдік ерекшеліктерінің бедерін танытумен де бағалы» [2, 113 бет], – деп өз кітабында талдап кеткен.

Ойын өлеңдер. Қай халықтың болмасын балалар ойындарының композициялық құрылысына назар аударсақ, олардың басым көпшілігінің өлеңмен өрнектеліп келетінін байқау қиын емес. Біз бұл сипатты балалар ойындарымен аралас келетін өлеңдерден де танимыз. Олардың көпшілігінің халықтың әдет-ғұрпымен тамырласа байланысып жататыны белгілі, ал кейбіреулер балалар арасына үлкендер ортасынан көшкен, ал енді бір ойындар үлкендер мен балаларға ортақ болып келеді. Мұнда өлеңдер бірде ойындағы әрекеттің басталуының алғы шарты болып келіп, қайырма ретінде қайталанып келсе, енді бірде ойынның басынан аяғына дейін қозғаушы күш, дәнекер ретінде әрекет етеді, ойыннан тыс өмір сүрмейді. Ойын арасында келетін өлеңдер көбінесе диалог түрінде келіп, хормен айтылады. Оның айқын үлгісі қазақ балалары арасында ең көп тараған «Айгөлек» ойынынан көрінеді.

Ойыншылар екі топқа бөлініп, әрбір топ аралары 20–30 қадамдай аралықта бір-бірлеріне қарама-қарсы қарап, қол ұстасып тұрады. Ойынды бастайтын топ хормен:

Айгөлек-ау, айгөлек,
Айдың жүзі дөңгелек.
Ақ терек пен көк терек,
Шауып алдым бәйтерек,
Бізден сізге кім керек? – [21, 114 бет]

деп әндетеді.

Екінші топтың ойыншылары да хормен:
Айгөлек-ау, айгөлек,
Айдың жүзі дөңгелек.
Қанжығадан қан керек,
Тебінгіден тер керек.

Ақ терек пен көк терек,
Шауып алдым бәйтерек,
Анау тұрған пәленнің
Қақ басы керек, – [21, 114 бет]

деп өздері таңдаған баланың атын өлеңге қосып айтады. Аты аталған бала жүгірген күйі барып, қарсы топтың ұстасып тұрған қолдарын үзіп өтуі керек. Егер үзіп өтсе сол балалардың бірін өзімен бірге алып кетеді, үзе алмаса, өзі сол топта қалады.

Балалар ойындарына тән көп нұсқалық бұл ойынға да ортақ. Сондықтан өлең жолдары да өзгеріп отырады. Тек «Ақ терек пен көк терек, шауып алдым бәйтерек» деп келетін екі жол ғана тұрақты кейде «терек» сөзінің «серек» сөзімен ауысып келетін кездері болады.

Өлең мәтіні мұнда тек ойындық әрекетті бастаушы қызметін ғана атқарады да, әрекет қайталанған сайын өлең де қайталанады. Мұндай сипатты «Ақ сүйек», «Ақ серек пен көк серек» т.б. ойындарынан да байқаймыз.

«Түрлі заттарды пайдалану арқылы ойналатын ойындар көбінесе қимыл-қозғалыстармен байланысты өрбиді. Ондай заттар айнала қоршаған ортада және тұрмыс-тіршілікте кездесетін тас, ағаш, балшық, құм, шыбық, таяқ, сүйек, сүлгі, орамал, бөрік, белбеу, жіп, ине т.с.с. болып келеді. Кейде ойынға арнайы даярлайтын заттар да болады. Кейде ойынға арнайы даярлайтын заттар да болады. Оларға тазартылып, боялған асықтарды, түрлі ойыншықтарды, қуыршақтарды, ертеректе қолданылған сиырдың түлеген жүнінен басылған допты, жонылған және кесілген ағаштарды т.б. жатқызамыз. Заттарды пайдаланып ойнау кейде іс-әрекет барысында қарасөз не өлең-тақпақтармен қосақталып айтылады. Сөз текстері ойынның кезекті шартын, іс-әрекеттің себебін түсіндіреді. Мәселен, «Асау мәстек» ойынында керілген арқанның үстінде отырып, жерден еңкейіп тақия алуды былай түсіндіреді.

– Әй, ер екенің білейін,
Ешкі сойып берейін.
Тақия алсаң еңкейіп,
Құлмасаң теңкейіп,
Ерлігіңе сенейін! [1, 80 бет]
Ойын шартын қабылдаған бала:
– Асау мәстек бұл болса,
Үйретейін, көріңіз.
Маған таяқ беріңіз! – [1, 80 бет]

деп ортаға шығады. Ойын жүргізуші оған:

– Міне, саған таяқ,
Үшке дейін санақ.
Бір... екі... үш... –

деп жауап береді.

Ортаға шыққан бала санақ біткенше жерден еңкейіп тақия алуы тиіс» [1, 80 бет].

«Асау мәстек» ойыны жайында «Рухани уыз» кітабында да айтылып кеткен. «Өлеңмен сүйемелденетін ойынның бірі – «Асау мәстек». Ол үшін балалар арасы 4-5 қадамдай аралықта екі қада қағады да, оған арқан керіп, үстіне тиянақ жасайды. Ойын жүргізуші балаларды ойынға өлеңмен шақырады:

Әй, ер екенің білейін
Ешкі сойып берейін.
Тақия алсаң еңкейіп
Құламасаң теңкейіп,
Ерлігіңе сенейін.
Ойынға шығушы бала:
Асау мәстек бұл болса,
Үйретейін, көріңіз.
Маған таяқ беріңіз!

ойын жүргізуші таяқты беріп тұрып:

Міне, саған таяқ,
Үшке дейін санақ.
Бір...
Екі...
Үш...

деп санай бастайды» [2, 116 бет] – деп ойынға шыққан бала санақ біткенше арқанға атша мініп, жерде жатқан тақияны иіліп алуы тиіс екендігін жазады.

Бұл салада кезінде Ә.Диваевтың қазақ балалар фольклорын жас ерекшеліктеріне қарай жіктеген тәжірибесі әлі де өз мәнін жойған жоқ. Осының негізінде Б.Төтенаев қазақ балаларының ойындарын төрт топқа бөліп қарастырады: «1) бір жасқа дейінгі нәрестені тәрбиелеулегі «Бесік жыры», «Саусақ санау» және «Тұсаукесу» жырлары; 2) әр түрлі ойыншықтармен ойнайтын ойындар; 3) жасөспірімдердің ойындары (оларға: табиғи денелерді қолданып ойнайтын ойындар, жануарлар дүниесін елестетіп ойнайтын ойындар, материалдық денелерді қолданып ойнайтын ұлт ойындары мен құрал-жабдықсыз ойналатын ойындар жатады); 4) қимыл-әрекет ойындары жатады» [3, 33 бет], – деп, тізіп көрсетеді.

Түйіндей келе, ойын – балалардың тәрбиесін дамытуға және салт-дәстүрді жоғалтпай, жаңғыртуға үлес қосатын әдебиеттің ерекше саласы екенін аңғаруымызға болады. Ойын өлеңдері балалардың поэзия өнеріне деген ынталарын оятады, батырлардың ерлігін қайталай отырып өз топтарын жеңіске жетелейді. Сол арқылы тобына ғана емес, еліне деген патриоттық сезімі оянады.

Әдебиеттер тізімі

Ыбыраев, Ш. БАСТАУ. Қазақ халқының фольклоры туралы зерттеулер.[Мәтін] / Ш. Ыбыраев– Алматы. Баспалар үйі, 2009. – 160-бет.

Ісләмжанұлы (Матыжанов), К. «Рухани уыз» (Қазақ балалар фольклоры). [Мәтін] / К. (Матыжанов) Ісләмжанұлы.– Астана: 2008. – 228 бет.

Төтенаев, Б. Қазақтың ұлттық ойындары. [Мәтін] / Б.Төтенаев– Алматы: 1978. – 179 бет.

Мәлімет редакцияға түсті: 15.05.2018

БЕКБОСЫНОВА, А.Х., БАКЫТХАНКЫЗЫ, Н. ДЕТСКИЙ ИГРОВОЙ ФОЛЬКЛОР

Детский игровой фольклор – один из видов устного народного творчества. Игровой фольклор часто начинается с поэзии или танца. Применение стихотворений во время игры пробуждает к занятию поэзией. В статье анализируются значение игр «санамак», «қаламақ», «асау мәстек».

Ключевые слова: образование, традиции, поэзия, дети, подростки, фигуры.

BEKBOSYNOVA, A.KH., BAKYTKHANKYZY, N. CHILDREN'S PLAY FOLKLORE

Folklore of children's play is one of the Kazakh oral literatures. Game folklore often begins with poetry and dance. The verse is a game that gives the children everything to the poetry. In the article there is an analysis of the games like "sanamak", "kalamak", "asau mastek" and their meanings.

Keywords: education, traditions, poetry, children, teenagers, figures.